



Бюджеттік тапшылық және мемлекеттік қарыз

*Орындаған: Кусаинов Т.Н.
Тексерген: Айткалиева А.М.*

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың жолдары:



1. Ақша белгілерін шығару. Бұл жол теріс әлуметтік-экономикалық салдарлары болатын инфляцияға жеткізеді. Өз кезегінде ақша эмиссиясы айналысқа ақша белгілерін тікелей шығаруда да, жанама түрде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару және оларды коммерциялық банктерге өткізу арқылы да тұлғалануы мүмкін, коммерциялық банктер өзінің резервтерін көбейтеді және банктік мультипликатордың арқасында айналыстағы ақшаның санын көбейтеді.



2. Мемлекеттік қарыздар. Бұл жағдайда қаржыландыруға бос ақша қаражаттары бар компаниялар, банктер және т.б. қатысады.





3. Шетелдік қарыздар. Оларды
Дүниежүзілік валюта қоры, басқа
халықаралық қаржы ұйымдары,
үкіметтер, банктер береді.





4. Ұлттық байлықты пайдалану. Бұл орайда мемлекет басқа субъектілерге өзінің активтерін сатады.



Мемлекеттік қарыз: сыртқы және ішкі болады.



Сыртқы қарыз – мемлекеттің басқа елдердің жеке азаматтарына, ұйымдарына, өкіметтеріне қарызы.

2016 жылдың қорытындысына сәйкес, Қазақстанның сыртқы қарызы 9%-ға өсіп, 13,9 млрд долларды құраған. Ал, 2017 жылдың алғашқы тоқсанындағы жағдайға сәйкес, біздің елдегі берешегі 13,8 млрд долларға жетті.



2014-2015 жылдары аралығында Қазақстан стратегиялық дамуға арналған жобаларын жүзеге асыру мақсатында халықаралық қаржы институттарынан бірнеше рет қарыз алған. Соның салдарынан Үкіметтің сыртқы қарызы 2015 жылы бірден 65 пайызға өсіп, 12,7 млрд долларды құраған болатын. 2016 жылы бұл цифрлар тағы артып, қарыз үстіне тағы 1,2 млрд доллар қосылған.



Былтыр Қазақстан Дүниежүзілік банктен рекордтық көрсеткіштегі қаражатты, яғни 2 млрд долларды резервтеді. Бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 9 есеге көп және инвесторлар алдындағы қарызымызды 35 пайызға дейін ұлғайтты. Ал, 2017 жылы резервтеген қаражатымыз әзірге тек 67 миллион долларды құрап отыр.



Ішкі мемлекеттік қарыз – мемлекеттің өз ішіндегі кәсіпорынға, ұйымдарға, жеке азаматтарына қарызы. Ішкі қарызға жеке және заңды тұлғалардың алдындағы үкіметтің қарыз міндеттемелері жатады.

Ішкі қарыздарды өтеу барысында тауарлар сыртқа кетпейді, бірақ ол ішкі нарықта бірқатар проблемалар туғызады.



Біріншіден, мемлекеттік қарыз бойынша процент төлеу барысында табыстар халық арасында қайта бөлінеді Халықтың бір тобы екінші тобы есебінен болып отырады. Мемлекеттің құнды қағаздарын көп жағдайда бай адамдар сатып ала алады, ал салықтарды азаматтардың бәрі төлейді.

Екіншіден, өкімет қарызды және процентті төлеу үшін салықтарды өсіруі мүмкін, ал ол экономикаға инвестицияның жұмсалуды азайтады. Сонымен қатар, салық ставкаларының өсуі қоғамда әлеуметтік жағдайлары шиеленістіруі мүмкін.



Үшіншіден, мемлекет қарызын өтеу үшін айналысқа мемлекеттің жаңа құнды қағаздарын шығаруды қолданса, онда қарыз процентінің стафкалары өседі, ол негізгі капиталға инвестицияны төмендетеді.

Төртіншіден, ішкі қарыздың төлемдігі шетел инвестицияның келуін азайтады және халықтың ертеңгі күнге деген сенбеушілігін туғызады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

